

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 11 шілдедегі № 420 және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 645 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 420 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 36-37-38, 212-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

құрылатын орталық атқарушы органдар – мемлекеттік мекемелердің аумақтық органдарының тізбесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының қайта ұйымдастырылатын аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 12, 13 және 14-тармақтармен толықтырылсын:

"12. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау

департаментінің Жетісай аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мақтаарал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мақтаарал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Сарыағаш аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Келес аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу арқылы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Сарыағаш аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылсын.";

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

қайта аталатын орталық атқарушы органдардың аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері бөлімшелерінің тізбесінде:

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне.";

28-тармақ алып тасталсын;

29, 30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арыс қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арыс қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.





министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Түркістан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.";

43-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 43-1, 43-2, 43-3 және 43-4-тармақтармен толықтырылсын:

"43-1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Абай ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

43-2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы әл-Фараби ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы әл-Фараби ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

43-3. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

43-4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Шымкент қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Шымкент қаласы Қаратау ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне.";

2) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017

жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 ж., № 6, 41-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

Ведомстволардың қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесінде:

"3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық бөлімшелері" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 201-1-жолмен толықтырылсын:

"201-1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Жетісай аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 205-1-жолмен толықтырылсын:

"205-1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Түркістан облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Келес аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*